

ПРЕСС-РЕЛИЗ

30 мая 2011 года

г. Астана

**Национальная компания «КазМунайГаз» и компания Carbon Limits AS
подписали Меморандум о взаимопонимании**

26 мая т.г. в г. Астана состоялось подписание Меморандума о взаимопонимании между АО «Национальная компания «КазМунайГаз» (далее – НК КМГ) и компанией Carbon Limits AS (Норвегия).

В церемонии подписания приняли участие управляющий директор по разведке и добыче НК КМГ Алик Айдарбаев, директор департамента охраны труда и окружающей среды НК КМГ Нурлан Сиражев, Посол Королевства Норвегии в РК Даг М. Халворсен, управляющий директор Carbon Limits Торлиф Хаугланд.

Основной целью документа является создание основы для сотрудничества по вопросам изменения климата и стратегиям управления углеродными проектами нефтегазовой отрасли. В рамках Меморандума НК КМГ и Carbon Limits AS достигли определенных договоренностей.

К примеру, Carbon Limits AS будет проводить процесс отбора потенциальных углеродных проектов, которые могут привести к сокращению выбросов парниковых газов (ПГ) и расцениваются как соответствующие критериям для получения дохода от углеродных кредитов согласно Киотскому протоколу. Норвежская компания также будет проводить подготовку Концепций проектных идей по потенциальным углеродным проектам и оценки условия экспорта.

НК КМГ, со своей стороны, обеспечит информацией для анализа и подготовки Концепций проектных идей в соответствии с международными правилами.

- Особенно интересно, на мой взгляд, для нефтегазовых компаний будет рассмотрение вопросов нахождения оптимальных решений для сокращения выбросов парниковых газов и возможности использования финансовых ресурсов, имеющих на глобальном углеродном рынке. Надеюсь, опыт норвежских коллег окажется полезным для наших компаний в подготовке к предстоящему введению квотирования на выбросы парниковых газов в Казахстане, - подчеркнул в своей речи управляющий директор по разведке и добыче НК КМГ Алик Айдарбаев.

- Политика по смягчению изменений климата потребует от нефтегазовой отрасли крупномасштабного сокращения выбросов парниковых газов. Это предоставляет как новые возможности, так и дополнительную ответственность для компаний нефтегазовой отрасли, - сказал управляющий директор Carbon Limits Торлиф Хаугланд.

Справочно:

На основе отчета Межгосударственной группы экспертов (МГЭИК) в 1992 году была принята Рамочная конвенция Организации Объединенных Наций об изменении климата (РКИК ООН).

Казахстан ратифицировал Рамочную Конвенцию ООН об изменении климата в мае 1995 года, а в августе того же года она вступила в силу для Казахстана.

Для повышения эффективности активных мер по выполнению обязательств по Конвенции и усилению обязательств развитых стран в 1997 году был принят Киотский протокол, согласно которому промышленно развитые страны к 2008-2012 годам сократят свои совокупные выбросы парниковых газов (ПГ) по меньшей мере на 5% по сравнению с уровнем 1990 года.

В 1998 году на Четвертой Конференции Сторон РКИК ООН Казахстан объявил о желании более активно участвовать в деятельности по Конвенции и Киотскому протоколу.

Казахстан подписал Киотский протокол 12 марта 1999 г., ратифицировал 26 марта 2009 г.

В 2000 году МИД РК направил ноту генеральному секретарю ООН, в которой сообщалось о намерении Казахстана принять добровольные обязательства по сокращению выбросов парниковых газов.

АО «Национальная компания «КазМунайГаз» - казахстанский национальный оператор по разведке, добыче, переработке и транспортировке углеводородов. 100 процентов акций АО НК «КазМунайГаз» принадлежит АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».

«Carbon Limits AS» – компания, которая реализует проекты по углеродному финансированию инвестиций, направленных на предотвращение утечек газа. Компания создана в 2005 г. как часть ECON, крупнейшего скандинавского консалтинга. Головной офис находится в г. Осло, Норвегия.

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
АО «Национальная компания «КазМунайГаз»	Республика Казахстан, 010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2011 жыл 30 мамыр

Астана қаласы

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Carbon Limits AS компаниясы
өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.**

Ағымдағы жылдың 26 мамырында Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен Carbon Limits AS компаниясының (Норвегия) арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Қол қою рәсіміне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры Алик Айдарбаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Нұрлан Сиражев, Норвегия Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Даг М. Халворсен, Carbon Limits басқарушы директоры Торлиф Хаугланд қатысты.

Құжаттың негізгі мақсаты климаттың өзгеруі және мұнай-газ саласына жататын көміртекті жобаларды басқару стратегиялары мәселелері бойынша ынтымақтастық үшін негіз жасау болып табылады. Меморандум аясында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен Carbon Limits AS компаниясы белгілі бір уағдаластықтарға қол жеткізді.

Мысалға, Carbon Limits AS әлеуетті көміртегі жобаларын іріктейді, ол парникті газдардың (ПК) ауаға тарауын қысқартуға мүмкіндік жасайды және Киот хаттамасына сәйкес көміртегі кредиттерінен кіріс алу үшін тиісті өлшемдер ретінде бағаланады. Әлеуетті көміртегі жобалары бойынша идеялардың тиісті Тұжырымдамаларына дайындық және экспорт шарттарын бағалау да жүргізілетін болады.

«ҚМГ» ҰК өз тарапынан жоба идеяларын халықаралық ережелерге сәйкес Тұжырымдамаға талдау жасау және оны әзірлеу туралы ақпарат беретін болады.

- Менің ойымша, жаһандық мұнай рыногында мұнай-газ компаниялары үшін парникті газдардың ауаға тарауын азайту жөнінде оңтайлы шешім табу мәселелерін қарастыру және қаржы ресурстарын пайдалану мүмкіндіктерін іздестіру өте қызықты болмақ. Норвегиялық әріптестеріміздің тәжірибесі алдағы уақытта Қазақстанда парникті газдың ауаға тарауына квота енгізуге дайындық кезінде пайдалы болмақ,- деп атап көрсетті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры Алик Айдарбаев.

- Климаттың өзгеруін жұмсарту саясаты мұнай-газ саласынан парникті газдың ауаға тарауын азайтуды талап етеді. Бұл мұнай-газ саласы компаниялары үшін жаңа мүмкіндіктермен қатар қосымша жауапкершілікті де талап етеді, - деді Carbon Limits-тің басқарушы директоры Торлиф Хаугланд.

Анықтама үшін:

Мемлекетаралық сарапшылар тобы (МСТ) есебінің негізінде 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының климатты өзгерту жөніндегі Негізгі Конвенциясы қабылданды. (БҰҰ КӨНК).

Қазақстан БҰҰ-ның климатты өзгерту жөніндегі Негізгі Конвенциясын 1995 жылдың мамыр айында бекітті, ал сол жылдың тамыз айында бұл құжат Қазақстан үшін күшіне енді.

Конвенцияға байланысты міндеттемелердің орындалуы жөніндегі белсенді шаралардың нәтижелілігін арттыру және дамыған елдердің міндеттемелерін күшейту мақсатында 1997 жылы Киот хаттамасы қабылданды, осыған орай 2008-2012 жылдарда өнеркәсібі дамыған елдер өздерінің парникті газдарының (ПГ) ауаға жиынтықты түрде тарауын 1990 жылмен салыстырғанда, кем дегенде 5% азайтуы қажет.

1998 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының климатты өзгерту жөніндегі Негізгі Конвенциясының Төртінші Конференциясында Қазақстан Конвенция және Киот хаттамасы жөніндегі қызметке белсенді қатысуға ынталы екендігі туралы жариялады.

Қазақстан Киот хаттамасына 1999 жылдың 12 наурызында қол қойып, 2009 жылдың 26 наурызында бекітті.

2000 жылы ҚР Сыртқы Істер Министрлігі Қазақстанның парникті газдардың ауаға тарауын азайту жөнінде ерікті міндеттеме қабылдау туралы ниетін білдірген нотаны БҰҰ-ның бас хатшысына жолдады.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – көмірсутектерді барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау бойынша қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 100 пайыз акциялары «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ меншігі болып табылады.

Carbon Limits - газдың төгілуі мен азаюының алдын алуға бағытталған көміртегі инвестициясын қаржыландыру жөніндегі жобаларды іске асыратын компания. Компания ірі Скандинавия консалтингі ECON-ның бір бөлігі ретінде 2005 жылы құрылған. Бас офисі Норвегияның Осло қаласында орналасқан. Сондай-ақ Тиранада, Лагос және Венецияда да офистері бар.

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 www.kmg.kz	